

"2009 жылға арналған Меңдіқара ауданының аудандық бюджеті туралы" Меңдіқара аудандық мәслихатының 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 137 шешімін іске асыру туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 12 қаңтардағы № 26 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 29 шілдедегі № 234 қаулысы. Қостанай облысы Меңдіқара ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 17 тамызда № 9-15-114 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 82-бабының 3-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 14) тармақшасына, "2009 жылға арналған Меңдіқара ауданының аудандық бюджеті туралы" Меңдіқара аудандық мәслихатының 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 137 шешіміне сәйкес және халықтың ең осал жіктерін әлеуметтік қорғау мақсатында Меңдіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2009 жылға арналған Меңдіқара ауданының аудандық бюджеті туралы" Меңдіқара аудандық мәслихатының 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 137 шешімін іске асыру туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 12 қаңтардағы № 26 қаулысына (мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 9-15-102, 2009 жылғы 19 ақпандағы "Меңдіқара үні" аудандық газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктері санынан жастарға олардың жоғары медициналық немесе педагогикалық білім алуымен байланысты шығыстарын өтеу үшін, тек қана мемлекеттік білім гранттарының иегерлері, жоғары кәсіптік білім алу үшін мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен өзге де төлемдер түрлерін алушылар болып табылатын тұлғалардан басқа, жоғары немесе орта арнаулы оқу орнымен шартта көзделген сомасы көлемінде әлеуметтік көмек;"

1-тармақ мынадай мазмұндағы 14), 15), 16) тармақшалармен толықтырылсын:

"14) әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі аудандық комиссияның (бұдан әрі-комиссия) шешімін ескере отырып, ауданның еңбек рыногында талап етілетін кәсіптерге оқитын жастарға жоғары немесе орта арнаулы оқу орнымен шартта көзделген сомасы көлемінде әлеуметтік көмек;

15) техникалық пен кәсіптік, орта білімнен кейінгі мен жоғары білім алушы мүгедектерге, сондай-ақ мүгедек-балаларға шартта көзделген сомасы көлемінде әлеуметтік көмек;

16) республикалық және жергілікті маңыздағы дербес зейнеткерлерге, Қазақстан

Республикасының еңбек сіңірген қызметкерлеріне 30 000 теңге көлемінде, біржолғы, әлеуметтік көмек.

Әлеуметтік көмекті тағайындау үшін қажетті құжаттар тізбесі мынадай мазмұндағы 12-тармақпен толықтырылсын:

"12. Республикалық және жергілікті маңыздағы дербес зейнеткерлерге, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қызметкерлеріне әлеуметтік көмек.

Әлеуметтік көмекті алуға үміткер тұлға мынадай құжаттарды:

1) жеке куәлігінің көшірмесін;

2) республикалық және жергілікті маңыздағы дербес зейнеткердің, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қызметкерінің тұлға мәртебесін растайтын куәлігінің көшірмесін;

3) республикалық және жергілікті маңыздағы дербес зейнеткері, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қызметкері тұлғасының тұрғылықты жерін растайтын құжаттың көшірмесін тапсырады."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. К. Киікбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Меңдіқара ауданының әкімі

Б. Жақыпов

КЕЛІСІЛДІ:

"Меңдіқара ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
Г. Айсенова

2009.07.29 ж.

"Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
С. Плотникова

2009.07.29 ж.